www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram Youtube Facebook Telegram
№22 /sársenbi/ 31 mamyr

# 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП
## ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ӨЗ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ



2023 жылгы 1 шілдеден бастап Әлеуметтік кодекс аясында Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қорында (бұдан әрі — БЖЗҚ) зейнетақы жинақтары бар еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлерге тұргын үй жагдайларын жақсартуга немесе емделуге ақы төлеуге өздерінің зейнетақы жинақтарының барлық сомасын пайдалануга құқық беріледі, деп хабарлайды аталмыш ведомствоның баспасөз қызметі.

Осы жылдың 1 шілдесінен бастап еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер www.enpf-otbasy.kz интернет-платформасы арқылы БЖЗҚ-да жинақталган қаражаттарын тұргын үй жагдайларын жақсартуга пайдалану үшін біржолгы зейнетақы төлемдерін алуга «Отбасы банкі» тұргын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ немесе екінші деңгейдегі банктерге жүгіне алады.

Емделу мақсатында біржолгы зейнетақы төлемдерін пайдалану үшін жогарыда көрсетілген интернет-платформа арқылы «Отбасы банкі» тұргын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-га гана жүгіну қажет.

Бұган дейін 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЖЗҚ азаматтарга зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұргын үй жагдайын жақсарту немесе емделуге ақы төлеу сияқты әлеуметтік мақсаттарга пайдалану құқыгы берілгенін естеріңізге сала кетейік.

Келесі санаттар осы құқықты пайдалана алады:

1) БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар жұмыс істейтін азаматтар. Олар «төменгі жеткіліктілік шегінен» асатын соманың бір бөлігін пайдалана алады;

2) зейнетақысы жогалган табыс сомасының (бұрын алган жалақысының) кемінде 40%-ын құрайтын зейнеткерлер. Олар БЖЗҚ-да қалган зейнетақы жинақтары сомасының 50% дейін пайдалана алады;

3) өзіне зейнетақы аннуитетік ресімдеген және әлі де жинақтары бар азаматтар — БЖЗҚ-да қалган зейнетақы жинақтарының сомасы шегінде пайдалана алады.

Бұл норма жұмыс істейтін азаматтарды да, зейнеткерлерді де қамтиды.

Сондай-ақ, Әлеуметтік кодекс аясында 2023 жылгы 1 шілдеден бастап Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі — БЖЗҚ) салымшыларына өзінің зейнетақы жинақтары сомасының 50%-на дейін өзінің дербес таңдауы бойынша жеке басқарушы инвестициялық компанияларга беру құқыгы беріледі. Бұл азаматтарга зейнетақы активтерін басқаруга қатысуга, өздерінің зейнетақы жоспарын құруга, жинақтарын инвестициялаудың балама саясатын таңдауга мүмкіндік береді.

Жинақтарды жеке басқаруга беру кезінде әртүрлі инвестициялық стратегияларды пайдалану салымшылардың тәуекелдерін әртараптандыруга, негұрлым жогары инвестициялық табыстылықты алуга және тиісінше зейнетақы жинақтарының ұлгаюына ықпал ететін болады.

Салымшы зейнетақы жинақтарын жеке басқарушы компанияга аударган кезде оның жинақтарын басқа басқарушы компанияга аудару не Ұлттық Банктің, ягни БЖЗҚ-ның басқаруына қайтару құқыгы сақталады.

Мемлекет Ұлттық Банктің басқаруындагы, ягни БЖЗҚ-дагы жинақтар бойынша гана зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік береді.

Инвестициялық портфельді басқарушының (бұдан әрі — ИПБ) басқаруына берілетін зейнетақы жинақтарының сақталуына салымшы таңдаган ИБП жауапты болады.

Жыл қорытындысы бойынша ИПБ алган номиналды табыс пен зейнетақы активтері табыстылыгының ең төменгі мәні арасындагы теріс айырма туындаган жагдайда осы басқарушы компания аталган айырманы салымшыга өз қаражаты есебінен өтеуге міндетті.

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруга беру үшін салымшы БЖЗҚ-га жүгінуі қажет.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

# АРЫСТЫҚ АЗАМАТ ҚОШҚАР КӨТЕРУДЕН РЕКОРДТЫ ЖАҢАРТТЫ



Арыс қаласының тумасы Азамат Мақұлбеков қошқар көтеруден жаңа рекорд орнатып, ресми түрде Қазақстан рекордтар кітабына (КИнЭС) енді. Ол 40 келі болатын қошқарды 5 сагат 26 минутта 3555 рет көтерген.

Бүгін Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсен Тәжібаев білекті азаматты қабылдап, жеңісімен құттықтады.

– Сіз туралы естіп, сайыстарда көріп жүрмін. Жеңісіңізбен және Қазақстан рекордтар кітабына енуіңізбен шын жүректен құттықтаймын! Қошқар көтеру – қазақтың ұлттық спортының бір түрі. Бұқаралық спорттық сайыстарга қатысып, насихаттап келе жатқаныңыз үшін алгыс білдіреміз. Қолдау көрсеткен азаматтардың да үлесін атап өткен жөн. Бұл – еңбекпен әрі тыңгылықты дайындықпен келетін жетістік. Осы багытта әлі де облысымызды танытуга атсалысасыз деген сенім мол, – деді Бейсен Дәулетұлы.



37 жастагы Азамат Нұргалиұлы құрылыс саласында қызмет етеді. Спорттың бірнеше түрімен айналысады. Қошқар көтеру сайысына қызыгушылыгы 2018 жылдан басталып, сол уақыттан бері шұгылданып келеді. Айтуынша, Қазақстан бойынша соңгы рекорд Алматы қаласында тіркелген. Ол кезде қатысушылардың бірі қошқарды 2019 рет көтерген. Бұл рекордты жаңартқан батыр енді әлемдік деңгейдегі сайыстарда бақ сынауды жоспарлауда. Шетелдерде өтетін алыптар сайысына әзірленетінін айтып, 5 мың рет муляж көтеру арқылы халықаралық деңгейде Гинесс рекордтар кітабына енуді көздеуде. Сондай-ақ өзіне демеушілік көрсеткен спорт жанашыры, Арыс қалалық мәслихатының депутаты Алмас Шүкірбековке ризашылыгын білдірді.

Айта кетейік, 2023 жылдың 28 мамыр күні өткен шарага Қазақстан рекордтар кітабының (КИнЭС) құрылтайшысы Бақытжан Тастүлеков арнайы қатысты. Қазақстан рекордтар кітабының кейіпкері ретінде енгені туралы куәлік табыстады.

**Жомарт БЕГІМБЕТ.**

# ВИТИЛИГОНЫ ЕМДЕУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ ЕНГІЗІЛДІ

Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстанда маусым - витилиго туралы хабардар болу айы деп жариялады. Дүниежүзілік витилиго күнінің (WVD) мақсаты - пациенттерге алалаушылықты жеңуге, витилиго үшін заманауи емдеуге қол жеткізуге және толыққанды өмір сүруге көмектесу.

Алматы қаласы алгаш рет 2023 жылгы 24 маусымда атап өтілетін 13-ші Дүниежүзілік Витилиго күнінің (WVD) халықаралық штабпәтері болып таңдалды.

WVD президенті болып медицина гылымдарының кандидаты, Алматы қаласы «Витилиго және тері денсаулыгы орталыгының» дерматологы, VRF гылыми - консультациялық кеңесінің мүшесі (Витилигоны зерттеу жөніндегі дүниежүзілік қор) Әлия Айдарбекқызы Қасымханова сайланды.

Витилиго теріні бет пен денеде дақтармен агартады. Бұл болжанбайтын, созылмалы, инфекциялық емес, аутоиммундық тері ауруы, ол әр жүзден бір адамга әртүрлі дәрежеде әсер етеді. Витилиго өлімге әкелмейді және ешқандай органикалық зиян келтірмейді, бірақ кейде науқас адамның және оның отбасының әлеуметтік өміріне қатты әсер етеді. Ауру кез-келген жастагы кез-келген адамга әсер етуі мүмкін, бірақ әдетте бұл жагдай жиырма жасқа дейін дамиды.

Еліміздің дерматологтары осы ауруды емдеудің жогары тиімді әдістерін енгізу бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Егер 2010 жылы Қазақстанда витилигоны емдеу үшін Шымкент қаласында бір гана Waldman фототерапиялық қондыргысы болса, 2022 жылы еліміздің 13 орталыгында «Ауруды емдеудің алтын стандарты» жүргізілуде. Үш республикалық және 10 облыстық орталықта фототерапия қолданылады.

2015 жылы Шымкентте ҚР-да алгаш рет хирургиялық емдеу әдістері енгізілді.Бүгінде Алматы қаласының «Витилиго және тері денсаулыгы орталыгында» хирургиялық операциялардың төрт түрі бар, олар 85%-дан 100%-га дейін тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық галымдар витилигоның пайда болу болжамына әсер ететін маңызды генотиптерді анықтады, аралас фототерапия хаттамасын, сондай-ақ генетикалық тестілеудің негізінде және прогрессивті витилигосы бар пациенттерді басқару алгоритмдерін әзірледі. Бір жылдың ішінде қазақстандық дерматологиялық мекемелерге витилиго проблемаларымен 12 мыңнан астам пациент жүгінді. Бұл көрсеткіш 2-3 есе жогары болуы мүмкін, өйткені көптеген дәрігерлер мен пациенттер витилигоны емдеудің ықтимал әдістері туралы хабардар емес. Көбісі ұялшақтыққа, көпшілік алдында айыптауга және стигмага байланысты ауруды жасыруды жөн көреді және дәрігерге бармайды, бұл емдеуде үлкен кедергі болып табылады.

25 маусымда Шымкентте отандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен «Витилиго: проблемалар мен перспективалар» атты дөңгелек үстел жоспарланған.

**Шолушы.**




## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОМПАНИЯЛАР ҚЫТАЙҒА ӨНІМІН ЭКСПОРТТАЙ АЛАДЫ

ҚР Президентінің ҚХР-ға мемлекеттік сапары аясында Қазақстан мен Қытайдың ауыл шаруашылығындағы ынтымақтастығы бағытында бірқатар құжаттарға қол қойылды.

ҚХР-ға экспорттық ауыл шаруашылығы өнімдерінің тізбесін кеңейту бөлігінде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚХР Бас кеден басқармасы бұршақ, жасымық, күнбағыс тұқымы, соя, мақсары мен зығыр тұқымын, сондай-ақ су өнімдерін (жабайы балық) жеткізу бойынша 3 хаттамаға қол қойды.

Айта кетейік, кедергілерді жою және екі елдің арасындағы ветеринариялық және фитосанитариялық талаптарды келісу жұмыстары жалғасып жатыр.

Қазіргі уақытта Қазақстанда Қытаймен бидай, зығыр тұқымы, арпа, жоңышқа, жүгері, бал, жүн, сүт өнімдері, сиыр еті, қой және шошқа еті және басқаларын қоса алғанда, өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінің 23 түрін экспорттау бойынша қол қойылған хаттамалар бар.

Бүгінгі таңда Қытайға агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің тағы 11 түрін: картоп, қызылша целлюлозасы, рапс, сұлы және жарма, бие сүті, құс еті және құс өнімдері, жылқы еті, салқындатылған сиыр еті, қой еті және шошқа етін экспорттауға қойылатын ветеринариялық және фитосанитариялық талаптарды келісу мүмкіндігі пысықталып жатыр.

Қазір Қытай нарығына экспорттауға құқығы бар кәсіпорындардың тізілімінде 1718 қазақстандық компания бар.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының қатысуымен өткен қазақ-қытай инвестициялық дөңгелек үстел барысында ҚР АШМ мен Қытайдың бірнеше жетекші компаниялары арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Атап айтқанда, COFCO корпорациясымен бидай, арпа, майлы тұқымдар, күнбағыс майы және басқа да өнім түрлерімен сауда көлемін кеңейту туралы уағдаластық жасалды.

Ауыл шаруашылығы министрлігі мен қытайлық VODAR компаниясы арасында базалық принциптер туралы келісімге қол қойылды. Құжат Қазақстанда жаңбырлатып суару жүйелерін шығаратын зауыт құрылысының жобасын реттейді. Инвестиция көлемі 20 млн долларды құрайды.

Сонымен қатар, Жамбыл облысында құны 30 млн доллар тұратын ақ пиязды терең өңдеу және сублимациялау кәсіпорнын салу жоспарлап отырған Wanlin Group компаниясымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Бұған қоса, қазақстандық «Қараой» ЖШС компаниясы мен CITIC Construction арасында өзара түсіністікке қол жеткізілді. Компаниялар Алматы облысында фермаларды, ет өңдеу комбинатын, сондай-ақ генетикалық орталықты қамтитын шошқа шаруашылығы бойынша вертикалды кластер құруды жоспарлап отыр. Келісім шеңберінде ҚХР-ға шошқа етін жетізу бойынша офф-тейк келісімшартқа қол қою көзделіп отыр.

## ЕМХАНАЛАРҒА ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР ОРТАЛЫҒЫ ЖОБАСЫ ЕНГІЗІЛУДЕ

Шымкентте медициналық ұйымдарда алғашқы медициналық-санитарлық көмектің әлемдік озық практикасы енгізіледі. Бұл бойынша қаладағы 4 медициналық ұйымның бас дәрігері сәуір-мамыр айларында оқудан өткен. Бүгін озық тәжірибені қолдану бойынша Шымкент қалалық №6 емханада 3 күндік семинар басталды. Жиынға «Primary Health Care» ұлттық қауымдастығының президенті, медицина ғылымдарының докторы, профессор Төлебай Рахыпбеков келді. Қалалық денсаулық сақтау басқарма басшысының орынбасары Бақытжан Абдуллаев, бірқатар дәрігер-профессорлар шаһардағы №1, 3, 6, 7 емханаларды аралап, дайындығын бақылады. Профессордың айтуынша, жобаның мақсаты — халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, науқастарға сапалы және жедел көмек көрсету, озық инновациялық технологияларды пайдалану, мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру. Бұл жобада пациент және оның отбасының қажеттіліктері төңірегінде барлық медициналық қызметтерді біріктіріліп, көрсетіледі. Еуропаның 53 мемлекетінде модельді платформа болып жарияланған бұл жобаның берері көп. Жоба аясында халықтың да медициналық білімі артпақ. Бүгінгі таңда алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету стандарттары әзірленді. Стандартта халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған «Адам — Бағдарланған тәсіл» медициналық сақтандыруды алғашқы көмек озық тәжірибелерін енгізу, ерлер денсаулығы, салауатты тамақтану, денсаулық мектептері, балаға мейірімді қарым-қатынас, ақыл-ой денсаулығы енгізілген. Айта кетейік, 2022 жылы Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының МСАК алғашқы медициналық-санитарлық көмектің озық тәжірибелерін көрсету бойынша алғашқы демонстрациялық алаңы ашылған болатын. Еңбекші қазақ ауданы қазіргі уақытта озық тәжірибелерді енгізудің табысты нәтижелерін көрсетуде. Халықтың МСАК медбикелері мен әлеуметтік қызметкерлерге жүгіну саны артып, отбасылық дәрігерлерге жүгіну саны үш есеге, ал бейіндегі мамандарға жүгіну саны 50 пайызға азайған.



## 2023 ЖЫЛЫ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ЖӘРДЕМАҚЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕДІ?

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар 8,5%-ке көтерілді.

Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы кімдерге тағайындалады:

бірге тұратын 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары барлар;

23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студенттері бар отбасылар (табысына қарамастан).

Төлемдер мөлшері балалар санына қарай сараланады:

4 баласы бар отбасыларға — 16,03 АЕК немесе 55 304 теңге;

5 балаға — 20,04 АЕК немесе 69 138 теңге;

6 балаға — 24,05 АЕК немесе 82 973 теңге;

7 балаға — 28,06 АЕК немесе 96 807 теңге;

8 және одан да көп баласы бар отбасыларға - әр балаға 4 АЕК немесе 13 800 теңге мөлшерінде.

## ДАНАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір — кітапхана. Көне жазбалар мен сирек кітаптар секілді кітапхананың да тарихы өте ескі дәуірлерден бастау алады.Кітапхана — мәртебесі биік киелі шаңырақ.

Биыл Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасына — 45 жыл толып отыр. Кітапхана 1978 жылдың тамыз айында облыстық Мәдениет басқармасы бұйрығының және Мәдениет Министрлігінің 23.12.1977 жылғы хатының негізінде ұйымдастырылған.

Жасөспірімдер кітапханасы 14-16 жас аралығындағы жасөспірімдерге, 17- 29 жас аралығындағы жастарға, олардың тәрбиесімен айналысатын ұстаздар мен тәрбиешілерге, басқа да оқырмандар категорияларына қызмет көрсететін ірі мәдени-ағарту, білім беру, ақпараттық орталық болып табылады.

Кітапханадағы кітап қоры 174 мың, жылына 24 мыңнан астам кітапсүйер оқырманға ұсынылады.

Жасөспірімдер кітапханасы — бұл даналық қазынасы. Кітапхана қызметкерлері жас оқырмандардың бірнеше ұрпағын өсіріп, жастарды тәрбиелеу үшін үлкен жұмыс атқаруда. Кітап дәуір мен ғасырдың арасын жалғастырса, кітапхана қызметкері кітап пен оқырман арасын жалғастырушы дәнекер.

Еліміздің ертеңі, өскелең ұрпағымыздың кітап оқуға құштарлығын оятып, рухани сусындап, әдеби-мәдени ой өрісін ертеден қалыптастыру мақсатында «Әжемнің ертегісі» жобасы бойынша іс-шаралар өтеді.

Кітапханада жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, кітап оқу үрдісін жаңғырту мақсатында «Кел сырласайық, қыздар!», «Жақсы адаммен жарты сағат», «Айна» мүдделестер клубы жұмыс істейді.

Кітапханада 3 веб сайт оқырман үшін қызмет көрсетеді.

## ENBEK HR МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстанда Enbek HR мобильді қосымшасы іске қосылды. Ол hr.enbek.kz (бұдан әрі — Портал) еңбек ресурстары порталымен толық синхрондалған, бұл жұмыскерлерге смартфон арқылы еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде тіркелген еңбек шарттары туралы мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.

Enbek HR мобильдік қосымшасында жеке кабинетте жұмыскерлер өздерінің еңбек шарттарын көре алады, жұмыс орнынан анықтаманы және жеке ісінен ақпаратты жүктей алады — фото, жеке куәлік, паспорт деректері, білімі, еңбек қызметі туралы мәліметтер, 075/Е медициналық анықтама, психо/нарко/туб. диспансерлердегі есеп мәліметтері және т. б.

Қосымша арқылы немесе Порталдағы жеке кабинетте жұмыскер жұмысқа орналасу үшін электрондық жеке істі қалыптастыру мақсатында жұмыс берушіге аталған дербес деректерге қол жеткізуге өзінің келісімін растай алады.

Еңбек шарты бойынша маңызды емес мәліметтер анықталған жағдайда, қызметкердің еңбек шартының деректерін өзгертуге, еңбек шартын бұзу туралы ақпарат енгізуге немесе алып тастауға сұрау салу мүмкіндігі бар.

Сұрау салуды қалыптастыру үшін «еңбек шартын» таңдау, «деректерді бұзу, жою немесе өңдеу» әрекетін таңдау, міндетті мәліметтерді көрсету, растайтын құжатты (JPG, JPEG, PNG, PDF форматында) қоса беру және қосымшада SMS-хабарлама арқылы алынған кодпен растау қажет. Жоғарыда көрсетілген рәсімдерден кейін сұрау салу порталдағы жұмыс берушінің Жеке кабинетіне қарауға жіберіледі, жұмыс берушіден үш жұмыс күні ішінде іс-әрекет болмаған жағдайда уәкілетті орган сұрау салуды қарайды және үш жұмыс күні ішінде де шешім қабылдайды.

Қосымшаның қызметтерін пайдалану үшін мобильді азаматтар базасында тіркелген мобильді нөмірдің болуы жеткілікті. Егер қызметкер бұрын Порталда тіркелген болса, онда мобильді қосымшада қайта тіркеу талап етілмейді — авторизация портал үшін қолданыстағы логин мен парольмен жүзеге асырылады.

Enbek HR қосымшасы мен hr.enbek.kz порталы Электрондық еңбек биржасының цифрлық жұмыспен қамту экожүйесінің бөлігі болып табылады. Бұл экожүйе азаматтарды кәсіби жолында мамандық таңдаудан бастап еңбек қатынастарын рәсімдеуге дейін сүйемелдейді. Бір есептік жазбасы бар азамат порталда немесе Enbek.kz қосымшасында жұмыс таба алады немесе мемлекеттік қызметтер мен жұмыспен қамту шараларын ала алады, Skills.Enbek.kz онлайн-оқыту платформасында жаңа дағдыларды үйренеді, Business.Enbek.kz порталында бизнес ашуға мемлекеттік грант ала алады.

**Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.**

ткен аптада «Татулық пен бірлік — табысты мемлекет болудың басты кепілі» тақырыбымен Шымкент қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясының IV сессиясы өтті.

Қала әкімі, қалалық ҚХА төрағасы Мұрат Әйтеновтің төрағалығымен өткен жиынға ассамблея мүшелері, мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының жетекшілері, салалық басқармалардың басшылары, аудан әкімдері, қоғамдық кеңес мүшелері, зиялы қауым, діни конфессиялардың, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен ЖОО ректорлары қатысты.

Болашағын Қазақ елімен байланыстырған этнос өкілдерінің ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүргеніне тоқталған қала әкімі ассамблея жүктелген мақсат-міндетті лайықты атқарып келе жатқанын айтты. Президент тапсырмаларын іске асыру жайын баяндады.




## ӘЙТЕНОВТІҢ АРМАНЫ-ШЫМКЕНТТІ ӨМІР СҮРУГЕ ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛАҒА АЙНАЛДЫРУ

— Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясы «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» тақырыбында өтті. Ассамблея Төрағасы Қ.К.Тоқаевтың жетекшілігімен өткен алқалы жиында алда атқарар жұмыс бағыттары нақтыланып, мемлекеттік органдар мен салалық құрылымдарға тиісті міндеттер жүктелді. Бүгінгі сессияда біз берілген тапсырмаларды қала аумағында іске асыруды пысықтап, атқарылар жұмыс жайын бағамдаймыз, — деді Мұрат Дүйсенбекұлы.

Жиында қалалық корей этномәдени бірлестігі, қалалық түрік этномәдени бірлестігі, «AQNIET» ақпараттық-насихаттау және оңалту орталығының» өкілдері ұсыныс-пікірлерін айтты.

Сессияны қорытындылаған қалалық ҚХА төрағасы айқындалған бес басымдық аясында қала аумағында жүйелі әрі үйлесімді жұмыс жүргізуді тиісті құрылымдарға жүктеді.

— Президент: «Халқымыз бірліктің және тыныштықтың қадірін біледі. Бұл — небір қиынқыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылықтар», деді. Бұл тұрғыда шымкенттіктер ырысты ынтымақ жолын жалғауға лайықты үлес қосады деген сенімдемін.

Біздің арман-ниетіміз — Шымкентті тұрғындар үшін өмір сүруге қолайлы қалаға айналдыру. Көздеген мақсат-межеге жету жолында баршаңызды қаламыздың береке-бірлігін бағалай білуге, жұмыла жұмыс істеуге шақырамын, — деді Мұрат Әйтенов.

Айта кетейік, бүгінде қалалық ҚХА жанында 17 этномәдени бірлестік пен 7 құрылым қоғамдық негізде әрекет етеді. Жалпыұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясат аясында жұмыс істейтін белсенділердің әлеуеті — қоғамдық келісімді сақтау мен қазақстандық патриотизмді дәріптеу бағытындағы жобаларға жұмылдырылған.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

## КӘСІПКЕРЛІКТІҢ КЕРЕГЕСІ КЕҢЕЮДЕ

Бүгінгі таңда республикамызда экономиканы қайта құру жолында оның негізі болып табылатын кәсіпкерлікті дамытып, жандандыру - күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі. Сондықтан кәсіпкерлікті дамытуды басқару еліміздің жүзеге асырып жатқан саясатының стратегиялық мәселесі болып табылады. Кәсіпкерлікті дамытпайынша, қазіргі кездегі экономиканы қалпына келтіру мен дамыту мүмкін емес, өйткені қазірде бизнес нарықтық қатынастарда үнемі қайта өндіріп отыратын орта болып табылады. Қазіргі жағдайда тек бизнес қана республика мен облыс экономикасын жандандыруға қабілетті. Сондықтан да кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау жасау мен ынталандыру жалпыұлттық басымдыққа айналды. Қазақстанда іс жүзінде кәсіпкерлікті қолдау және қорғау жөнінде заңдар қалыптасты, олар үнемі жетілдіруде.

Сонымен қатар елімізде жас кәсіпкерлердің санын арттыру мақсатында жаңа жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен биыл ғана енгізілген жаңа жоба аграрлық өнеркәсіпті дамытуға бағытталған. Еліміздің 35 жасқа дейінгі әрбір азаматы аз пайызбен несие алып, өз кәсібін ашып қана қоймай, ауылшаруашылығын дамытуға да үлес қоса алады.

Шағын несие 21 жастан 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Жастардың жеке кәсіпкер ретінде тіркелген уақыты 5 жылдан аспауы тиіс. Бағдарламаға жұмыс істейтін жастар да қатыса алады.

Несиелеу шарттары:

Несие сомасы: 5 млн теңгеге дейін;

Сыйақы мөлшерлемесі: жылдық 2,5%;

‘Несие мерзімі: мал шаруашылығын дамытуға — 7 жылға дейін; бизнестің басқа бағыттары үшін — 5 жылға дейін;

‘Негізгі борыш пен сыйақыны өтеу кезінде шағын несие мерзімінің үштен біріне дейін жеңілдік кезең қарастырылған.

Несие кепілге қойылған мүлікпен қамтылуы міндетті. Кепіл ретінде жылжымалы (арнайы техника) және жылжымайтын мүлік қабылданады. Мүлкіңіз болмаған жағдайда кепіл берушіні (ата-аналарын, туыстарын және т.б.) тартуға болады.

тінім беру үшін құжаттарды “Аграрлық несие корпорациясы” АҚ филиалына тапсыру қажет. Филиалдардың мекенжайы agrocredit.kz сайтында көрсетілген.

Биыл Шымкентте 260-қа жуық жас жеңілдетілген несиеге қол жеткізіп, өз кәсібін дөңгелетуге мүмкіндік алады.

Мемлекет басшысы жастардың кәсіпкерлік бастамалары үшін 2,5 пайыздан жеңілдетілген микрокредит беру тапсырмасын іске асыру барысында Шымкент қаласынан биылғы жылы 261 кәсіп бастаушы жасқа микрокредит беру мақсатында республикалық бюджеттен 1 305,0 млн. теңге қарастырылған.

Қазір жастар кәсібін жеңілдетілген несиелендіруге қатысты Шымкент қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және Қаржы министрлігімен үш жақты кредиттік шарт жасалды.

Сенім білдірілген өкіл болып «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Шымкент қаласы әкімдігінің қаулысымен айқындалды.

Бүгінгі таңда 2 комиссияның отырысы өтті. Онда 63 құжат қаралып, 31 адам комиссияның оң қорытындысын алды.Биылғы жылдың 30 мамырында Шымкент қаласы бойынша жастарға микрокредиттер беру мақсатында бизнес-жобаларды іріктеу үшін конкурс комиссиясының келесі отырысы өтті.

Шымкент қаласында бұған дейінгі жарық көрген кәсіпкерлік жобаларын ұтымды пайдаланып, өз кәсібін ашқан азаматтар да бар. “Ел экономикасының күші — отандық өнімде” деген ұстанымдағы Шымкенттік «Lux Shoes» фабрикасы бүгінде заман талабына сай итальяндық технология бойынша, түркиялық «FANTES» және «COMELZ» маркалы құрылғылармен аяқ киім тігеді. 2018 жылдан бері нарықта отандық өндіріске үлес қосып келе жатқан компания жақында аяқ киім тігудің жаңа желісін іске қосты. Ягни, «Lux Shoes» БК» ЖШС-нің аяқ киім табандары өндірісі Шымкент қаласының «Бизнестің жол картасы — 2025» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Фабрика 120 жұп және 150 жұп резеңке табанын дайындауға қауқарлы.Отандық аяқ киім өндірісіне маманданған кәсіпорын 2018 жылдың тамызында «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында жұмысын бастаған. Жобаның инвестиция көлемі — 693 миллион теңге. Фабрикада 45 адам жұмыс істейді. Аяқ киімнің барлық түрлері таза былғарыдан жасалған және сапалылығымен ерекшеленеді.

Арнайы экономикалық аймақтың дайын инфрақұрылым, жер және мүлік салығынан, корпоративтік табыс салығынан босату сынды жеңілдіктері кәсіпорынның тұрақты дамуына және нарықты отандық өніммен қамтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында орналасқан «Shymkent Qagazy» ЖШС жылына 3 млн картон қорабын және 10 мың тонна крафт қағазын шығаруда. Қазір шымкенттік тауарлар еліміздің барлық аймақтарына жөнелтілуде. Макулатура автоматтандырылған қондырғылардың көмегімен өңделеді. Осыдан үш жыл бұрын іске қосылған кәсіпорын өнімдеріне сұраныс артып отыр. Алдағы уақытта серіктестік жаңа бағыттарды іске қосып, өнім түрлерін көбейтуді жоспарлауда. Бұл желілер жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Оңтүстік» АЭА-да аймақтағы жалғыз 3 және 5 қабатты гофрленген картон өндіруші «KazbioLife» ЖШС кәсіпорны орналасқан. ндірістік қуаты жылына 60 млн. шаршы метр гофрленген картон және картоннан қаптама қораптарын құрайды. Қазіргі таңда кәсіпорын өндірісті кеңейту мақсатында екінші жобасын іске асыруда.

Бүгінде «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында инвестиция көлемі 58,4 млрд. теңгені құрайтын 35 жоба іске асырылып, 2,5 мыңнан астам жұмыс орны құрылған.

Қолайлы инфрақұрылым мен заманауи логистика тың жобаларды іске асыруға мүмкіндік беруде.

Сондай-ақ, аумағы 867 гектарды құрайтын 5 жаңа өнеркәсіптік алаң құрылуда. Нәтижесінде, инвестиция көлемі 398 млрд. теңгені құрайтын 271 жоба іске асырылатын болады.

Мемлекет қашан да кәсіпкерлерге қолдау танытуда. Оның айғағы— бірнеше бағдарламаның қолданысқа еніп, кәсіп иелерінің игілігіне жарап жатқаны.

**Аруна ПЕРНЕБЕК.**

## АЗЫҚ-ТҮЛІК - ХАЛЫҚҚА ТИІМДІ БАҒАДА

**Бүгінде нарықтағы бағаны тұрақтандыру мақсатында қала аумағындағы 200-ге жуық сауда орнында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түрі белгіленген бағада сатылып келеді. Биыл әлеуметтік сауда орындарының санын 300-ге жеткізу жоспарлануда. Сонымен қатар, бұл бағытта қант, ұн, жұмыртқа, нан және ет өнімдерін өндіретін тауар өндірушілермен келісім-шарттар түзілген.**

**Бұл шаралар қала тұрғындарына ең қажетті тамақ өнімдерін тиімді бағада тұтынуға мүмкіндік береді. Көкөніс өнімдерінің бағасын маусымаралық кезеңде тұрақты ұстап тұру үшін шаруа қожалықтарымен баға өсімінің алдын алу бойынша форвардтық келісім-шарттар түзілді.**

**Күзде пісетін көкөніс өнімдері бойынша 2 мың тоннаға форвардтық келісім-шарт түзіліп, тауарлар 2023-2024 жылдары маусымдық кезеңде нарыққа шығарылатын болады.**

**Сондай-ақ, жергілікті тауар өндірушілер мен шаруа қожалықтары апта сайын қаланың 8 нүктесінде ұйымдастырылатын жәрмеңкелерде күнделікті тұтынатын тауарларды нарықтан 10-15% төмен бағада сатуда.**

**Тауар бағасын қадағалау және делдалдық қызметті шектеу мақсатында құзырлы мекемелер арнайы комиссия құрып, жеткізу қызметімен айналыстын дистрибьюторлардың босату бағаларына электрондық шот-фактуралар арқылы тұрақты түрде талдау жүргізіп келеді.**

**Бүгінде базарлар сауда желілерімен өзара ынтымақтастық туралы екі жақты меморандум аясында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар бағасының негізсіз өсуіне жол бермеуде.**

**Жалпы қала аумағында қазір азық-түлік тауарларының тапшылығы жоқ, халық көп тұтынатын тауарлар тұрақты бақылауда.**

**Салтанат РҮСТЕМБЕК.**

***Елдің дамуы үшін біліммен қатар, дені сау болуы маңызды. Дені сау ұрпақ - ұлттың ең қымбат байлығы. Балалар мен жасөспірімдердің оқумен қатар, өнер үйреніп, спортпен шұғылданып, өзін түрлі қырынан дамытуға қолайлы жағдай жасау - мемлекеттің міндеті. Сол себепті ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің алғашқы Жолдауынан бастап бұқаралық спортты дамыту мәселесіне баса назар аударып келеді. Жолдау жүктеген міндеттерді әр өңір тиісінше атқарып келеді. Спорт саласын дамыту бойынша Шымкент қаласының ағымдағы жылдың 5 айында жеткен жетістігі жетіп артылады.***

# Спорт
# БҰҚАРАЛЫҚ ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Шымкент қаласында жалпы 34 спорттық ұйым жұмыс жасайды. Осы спорт ұйымдарында 18 242 спортшымен штаттағы 906 жаттықтырушы оқу-жаттығу сабақтарын жүргізуде. Аталған мекемелерде спорттың 75 түрі дамытылады

Шаһардың 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының нысаналы индикаторлар тізбесіндегі спорт саласының көрсеткіштері 4 бағыт бойынша жүргізіледі:

1. Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын жалпы халықтың 50% - ына дейін жеткізу;

2. Халықтың 1000 адамға арналған спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі;

3. Дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын, дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қарсы көрсетілімдері жоқ мүмкіндігі шектеулі адамдар қатарындағы ерекше қажеттіліктері бар халықтың үлесі;

4. Жастарды спортпен қамту (14-18 жас);

Ендігі мұның орындалуына зер салар болсақ, Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарында «Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын жалпы халықтың 50% - на дейін жеткізу» көрсеткіші бекітілген. 2022 жылдың қорытындысы бойынша қаладағы дене шынықтыру және спортпен жүйелі шұғылданушылар саны 498 852 адамды /42%/ құрады. Қазіргі уақытта,қала аумағында дене шынықтыру және спортпен айналысуға қарсы көрсетілімі жоқ 15644 мүгедек тұрады, оның ішінде 2036 адам дене шынықтырумен және спортпен айналысады (2021 жылы — 1802 адам). 2023 жылы спортпен айналысатын мүмкіндігі шектеулі адамдардың саны 234 адамға немесе 13,0 % құрайды. Спортқа бет бұрған жастар саны 45 940 адамды құрайды.

2023 жылдың 4 айында өткізілген бұқаралық спорттық іс-шаралар:

«Шымкент жастар лигасы». 2023 жылы бұқаралық спортты дамыту мақсатында қала мектептері арасында футбол, волейбол, баскетбол, шахмат спорт түрлерінен наурыз-маусым айлары аралығында 526 командада 6240 бала қатысатын «Шымкент жастар лигасы» өткізілуде.

«Наурыз» Шымкенттен басталады». Ағымдағы жылдың 20-22 наурыз күндері аралығында Шымкент қаласының заманауи атшабарының ашылуына және «Наурыз» Шымкенттен басталады атты мерекесіне орай 9 спорт түрлерінен (қазақ күресі, бәйге, көкпар, жамбы ату, дәстүрлі садақ ату, асық ату, теңге ілу, аударыспақ және тғызқұмалақ) «GREAT QAZAQ GAMES» ұлттық ойындары жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді.

Ұлттық ойындарына еліміздің өңірлерінен және шет елдерден жалпы 1000-нан аса спортшылар қатысты. Оның ішінде, Қырғызстан мемлекетінен — 49 спортшы, збекстан мемлекетінен — 37, Монголия мемлекетінен — 11, Қытай елінен — 9, Ресей елінен — 9, Тәжікстан елінен — 5, Польша мемлекетінен — 3, Сауд Арабия мемлекетінен -2, Түркия елінен — 1 спортшы (шетелдік 126 спортшы) қатысты.

Жоғарыда аталған 2023 жылға жоспарланған жалпы іс-шараларға 47000 адамның қатысуы жоспарлануда.

Бұқаралық спорттың жағдайы мен дамуы қажетті спорттық инфрақұрылымның болуына байланысты екені белгілі. Қалада статистикалық есеп бойынша 1077 спорттық нысанды құрады. Жалпы 1077 спорт нысанның-150 жеке меншікте.

2023 жылдың 1 тоқсанында қаламызда «Үстел теннисі спорт кешені» және «Жаңа ипподром құрылысы» (демеуші есебінен) пайдалануға берілді.

Ал жыл соңына дейін қосымша - «Металлург» стадионының құрылысы, №12 спорт мектебінің қосымша корпусы құрылысы, №20 спорт мектебінің спорт кешенінің құрылысы, «SPORT LIFE» футбол орталығының құрылыс кешені аяқталып, пайдалануға берілмек.

Оған қосымша ағымдағы жылы 6 спорт нысан құрылысын жүргізу жоспарлануда. Олар: Тұран шағын ауданында «Теннис орталығы», қалалық №15 спорт мектебінің спорт кешені, жаңа ипподромға қосымша атқоралар, Тассай шағын ауданында спорт нысанының құрылысы, Нұршуақ шағын ауданындағы спорт нысаны мен Тұран шағын ауданындағы спорт кешенінің құрылысы.

Сонымен қатар, 6 спорт нысанның құрылысын жүргізу үшін құжаттамалары (техникалық экономикалық негіздемесі, жобалық сметалық құжаттамасы) әзірленуде. Олар:

- №1 спорт мектебінің қосымша ғимаратының құрылысы;
- №4 спорт мектебінің қосымша корпусының құрылысы;
- №16 спорт мектебінің қосымша спорт залының құрылысы;
- Қажымұқан атындағы орталық стадионды реконструкциялау;
- Шымкент Сити шағын ауданында көпфункционалды «Шымкент арена» спорт кешенінің құрылысы;
- Тұран шағын ауданындағы спорт кешен құрылысы;

Спорттағы жетістіктер. Жоғары спорттық жетістіктер бойынша 2023 жылғы 4 айдағы жеткен нәтижелер туралы айтар болсақ, қала спортшылары спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаттарына қатысып, 316 алтын, 268 күміс, 284 қола медаль жеңіп алды. Жалпы 868 медаль.

Азия чемпионаттарында қала спортшылары 16 алтын, 18 күміс және 17 қолаға қол жеткізсе (жалпы 51медаль), осы уақыт арасында Әлем чемпионаттарында 1 қола және Әлем Кубогында 1 алтын медальға ие болды. 2023 жылдың 16-27 қаңтар аралығында Бангкок /Тайланд/ қаласында бокстан 22 жасқа дейінгі жастар арасында өткен Азия чемпионатында 57 кг салмақта Сабырхан Махмуд 1-орын, 67 кг салмақта Абзал Серік 2-орын және 75 кг салмақта Дидай Дана 3-орынды иеленді.

2023 жылдың 02-09 наурыз аралығында Ташкент / збекстан/ қаласында семсерлесуден жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында Ғабиден Мұстафин /шпага/ командалық 1-орын, Тамбовцева Александра / шпага/ жекелей 2-орын, Айтмырза Нұрсәт және Эргешбай Қуаныш /сабля/ командалық 3-орын, Серікбай Адема /сабля/ командалық 2-орын, Оспанова Алина /сабля/ командалық 3-орын, Балтабай Нұрмахаммед /шпага/ командалық 3-орынды жеңіп алды.

Ағымдағы жылдың 08-11 наурыз аралығында Бішкек /Қырғызстан/ қаласында еркін күрестен /сурдо/ өткен Азия чемпионатында 70 кг салмақта Пернеш Шадияр 1-орын және 79 кг салмақта Рсалы Сабыржан 2-орынды иеленді.

Осы жылдың 15-16 наурыз аралығында Нью-Дели /Индия/ қаласында бокстан әйелдер арасында өткен Әлем чемпионатына Шымкент қаласынан 3 спортшы қызымыз Шекербекова Жайна, Нұршаева Мадина және Шолтай Фариза қатысып, 81 кг салмақта Шолтай Фариза 3-орынға ие болды.

2023 жылдың 22-28 ақпан аралығында Бангкок /Тайланд/ қаласында джиу-джитсудан өткен Азия чемпионатында контакт бөлімі бойынша 1-алтын, 2-күміс, 2-қола, файтинг бөлімі бойынша 2-қола медальға ие болды. Осы жылдың 11-27 қаңтар аралығында Рабат /Марокко/ қаласында стенд атудан өткен рейтингтік Әлем чемпионатында Зоя Кравченко командалық 1-орын, Дмитриенко Мария және Анастасия Прилепина командалық 2-орынға ие болды. 2023 жылдың 05-10 ақпан аралығында Мараккеш /Марокко/ қаласында бокстан әйелдер арасында өткен Халықаралық турнирде Шекербекова Жайна 1-орын, Нұршаева Мадина, Шолтай Фариза 3-орынға ие болды. 2023 жылдың 27-29 қаңтар аралығында Каир /Египет/ қаласында каратэден өткен Премьер-Лига Халықаралық турнирінде 60 кг салмақта Алпысбай Қайсар 1-орын және +68 кг салмақты Софья Берульцева 2-орынға тұрақтанды. 2023 жылдың 27.01-07.02 аралығында Джакарта /Индонезия/ қаласында оқ атудан өткен Әлем Кубогында Юнусметова Ирина жекелейде 2-орынға ие болып Әлем чемпионатына жолдама алды. Елизавета Безрукова, Анастасия Григорьева командалық 1-орын, Никита Шахторин командалық 2-орын, Ирина Юнусметова командалық 3-орынхан көрінді. 2023 жылдың 02-10 ақпан аралығында Алматы қаласында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен өткен 6-шы Жазғы Спартакиадасында Шымкент қаласының спортшылары төмендегідей көрсеткіштерге қол жеткізді: Грек-рим күресі — 2-алтын, 1-күміс, 5 қола медальмен жалпы командалық есепте 1-орынға ие болды. Әйелдер күресі — 1-алтын, 1-қола медальмен жалпы командалық есепте 6-орынға ие болды. Еркін күрес — 1-алтын, 1-күміс, 2-қола медальмен жалпы командалық есепте 3-орынға тұрақтанды.

2023 жылдың 19-26 наурыз аралығында Қарағанды қаласында үстел теннисінен өткен 6-шы Жазғы Спартакиадасында Шымкент қаласының спортшылары төмендегідей көрсеткіштерге қол жеткізді:

Қыздар жұптық командада Бахыт Анель және Миркадирова Сарвиназ 1-орын, Қыздар командалық /4 қыз/ есепте 2-орын, Қыздар жекелей есепте Миркадирова Сарвиназ 2-орын, қыздар жекелей есепте Бахыт Анель 3-орын, Аралас жұпта /ұл, қыз/ 3-орын, ерлер жұптықта 3-орын ие болып жалпы командалық есепте 3-орынға табан тіреді.

2023 жылдың 10-16 наурыз аралығында Загреб /Хорватия/ қаласында дзюдо күресінен жасөспірімдер арасында өткен Әлем Кубогында 40 кг салмақ дәрежесіндегі Юлдашбекова Сабина 1-орыннан көрінді.

Ағымдағы жылдың 24-26 ақпан аралығында Любляна /Словения/ қаласында таеквондодан өткен рейтингтік Халықаралық турнирде Абабакиров Самирхан 1-орын, Исламов Жавохир 2-орын, Дүйсебай Смайыл 3-орынға ие болды.

2023 жылдың 21-25 ақпан аралығында Александрия /Египет/ қаласында грек-рим күресінен өткен рейтингтік Халықаралық турнирде 130 кг салмақта Әлімхан Сыздықов 3-орынға ие болды.

16-20 ақпан аралығында Баку /Әзірбайжан/ қаласында батуттық гимнастикадан өткен Әлем Кубогында Алиев Пирмаммад алтыннан алқа тақты.

16-20 наурыз аралығында Рига / Латвия/ қаласында дзюдо күресінен ересектер арасында өткен Еуропа Кубогында 81 кг салмақта Нысанәлі Айбол жеңімпаз атанды.

09-14 сәуір аралығында Астана қаласында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен өткен Азия чемпионатында грек-рим күресінен 65 кг салмақта Мамырбек Мұхаммедали және 130 кг. салмақта Сыздықов Алимхан 3-орынға, әйелдер күресінен 68 кг. салмақта Елена Шалыгина 3-орынға және еркін күрестен 74 кг салмақта Дархан Есенғали жеңімпаз атанды.

29.04-03.05 аралығында Аджман / БАӘ/ қаласында армрестлингтен жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында 45 кг. салмақта Әділбек Нұғман, 50 кг салмақта Жасурбек Маманияз және 60 кг. салмақта Мұқағали Мансұр жеңімпаз атанды.

22.04-01.05 аралығында Самарканд / збекстан/ қаласында байдарка және каноэ есуден Азия чемпионатында Шымкент қаласының спортшылары 8-алтын, 8-күміс және 4-қолаға қол жеткізді.

27-30 сәуір аралығында Ташкент / збекстан/ қаласында жеңіл атлетикадан жасөспірімдер арасында өткен Азия чемпионатында 4х100 эстафетада Володкина Ангелина күміс жүлдегері атанды.

05-11 сәуір аралығында Ташкент / збекстан/ қаласында көркем гимнастикадан өткен командалық Әлем Кубогында Шымкент командасының қыздары 1-күміс және 1 қола медальға қол жеткізді. 29-30 сәуір аралығында Ториц /Грузия/ қаласында дзюдо күресінен жасөспірімдер арасында өткен Еуропа Кубогында 40 кг салмақта Сабина Юлдашбекова жеңімпаз атанды. 01-14 мамыр аралығында Ташкент / збекстан/ қаласында бокстан ерлер арасында өткен Әлем чемпионатында 54 кг салмақта Сабырхан Махмуд 1-орынды иеленіп, жеңімпаз атанды. 05-15 мамыр аралығнда Чинджу / Оңтүстік Корея/ қаласында ауыр атлетикадан ересектер арасында өткен Азия чемпионатында 55 кг салмақта Чонтей Арли 3-орын және 102 кг салмақтағы Әділетұлы Нұрғиса жеңімпаз атанды.

19-21 мамыр аралығында Стамбул / Түркия/ қаласында семсерлесуден өткен Әлем Кубогында Шымкент қаласының екі спортшысы Алимжанов Эльмир және Сертай Ерлік алтыннан алқа тақты.

2023 жылдың 20-21 мамыр аралығында Малага /Испания/ қаласында дзюдо күресінен жастар арасында өткен Еуропа Кубогында 90 кг салмақта Досымов Құдірет 2-ші орыннан көрінді.

Осы жылдың 11-14 мамыр аралығында Михайловце-Стразске /Словакия/ қаласында комбат дзю-дзюцудан өткен Еуропа чемпионатында Шымкент қаласының 20 спортшысы негізгі орынға ие болды.

Спорттық санат. 2023 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша: 1 Еңбегі сіңген спорт шебері, 14 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 64 Қазақстан Республикасының спорт шебері, 102 спорт шеберлігі үміткер спортшылар дайындалды. Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама сапына ересектер құрамасына 427, жастар құрамасына 353, жасөспірімдер құрамасына 331 спортшымыз енген. Жалпы 1111 спортшы Ұлттық құрама сапында еліміздің намысын қорғайды.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

# ТҮЛКІБАСТАҒЫ ТОННЕЛЬ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚАШАН БЕРІЛЕДІ?



Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Түлкібас ауданына жұмыс сапарында «Батыс Европа — Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Шақпақ баба ауылындағы жер асты жолының (тоннель) құрылыс жұмыстарымен танысты.

Жобаның жалпы құны — 8,5 млрд. теңге. Оның ішіне Жаскешу- Шақпақ ауылдары аралығындағы 40 шақырым автомобиль жолының құрылысы да қамтылады. Тоннелдің ұзындығы — 840 метр, ені — 13 метр. Құрылыс бірнеше жыл бойы әлі жалғасып келеді. Нақтырақ айтсақ, Тұрар Рысқұлов елді мекенінің айналма жолын (40,5 шақырым) және әрқайсысының ұзындығы 840 метр болатын екі жолақты тоннель салу жоспарланған. Қазіргі уақытта жолдың құрылысы аяқталып, жалпы ұзындығы 3,8 шақырым құрайтын тоннелге кіреберіс жолдары қалып отыр. Ал тоннелдің құрылысына келсек, «Тараз-Шымкент» бағытында бұрғылау-жару жұмыстары және монолитті бетонмен тұрғызу жұмыстары толық аяқталған. Жол жабыны мен дренаж құрылғысы үшін дайындық жұмыстары жүргізілуде. Оң жақ тоннель, яғни, «Шымкент-Тараз» бағыты бойынша бұрғылау-жару, сондай-ақ 345 метр монолитті бетонмен салу жұмыстары атқарылуда. 2023 жылдың соңында аяқтау көзделіп отыр.

Облыс әкімі құрылыс жұмыстарының баяу жүргізіліп жатқанын сынға алып, бас мердігер «EVRASCON» компаниясы (Әзербайжан республикасы) өкілдеріне жұмысты ширатуды тапсырды. Осы құрылысқа қатысты мемлекеттік орган басшыларына жобаны қадағалап, соңына дейін жеткізу керектігін айтты.

